

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 қыркүйек N 836. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.12.30 . N 1856 қаулысымен ~P971856.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару орындарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 U931291_ Жарлығын орындау үшін және асыл тұқымды ауыл шаруашылық түліктерінің қолда бар гендік қорын сақтау, селекциялық-асылдандыру жұмысы саласында бірыңғай саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі Республикалық өндірістік бірлестіктің (Қазасылтұқымбірлестігі) кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде қосымшаға сәйкес "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып 1993-1995 жылдарға арналған (II кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 U931137_ Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін қайта құруды жүзеге асыру тапсырылсын.

3. Компанияға Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісімімен мына мәселелер бойынша:

- мемлекеттік асыл тұқым станцияларының, асыл тұқым заводтарының, асыл тұқым шаруашылықтарының қызметін үйлестіру мен реттеуде;

- республикада ауыл шаруашылығы түліктерін селекциялық-асылдандыру жұмысы мен қолдан ұрықтандыруда барынша жоғары тиімділікке қол жеткізу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеп, жүзеге асыруда;

- сапалық қайта жаңарту жөніндегі ғылыми-техникалық талдамаларды орындау мен енгізуді және жоғары бағалы түліктерді өсірудің биотехнологиялық әдістері және басқа осы заманғы генетика мен электронды-есептеу техникаларының жетістіктерін қолдана отырып ауыл шаруашылығы түліктерінің

өнімділігін арттыруды жеделдетуде;

- Компания құрамына кіретін кәсіпорындарды қайта жаңғырту, жаңа объектілер салу үшін шет елдік инвестицияларды тарту мен пайдалануда;

- өндірістік қызметті жүзеге асыру барысында айналадағы ортаны қорғау және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеп, жүзеге асыруда мемлекет мүддесін ұсыну құқы берілсін.

4. Компания Қазасылтұқымбірлестігінің заңды мұрагері болып

белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Компанияға оның құрамына кіретін, бұрын құрылған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерінің белгіленген бөлігін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

6. "Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары, өз Жарғысы негізінде іс-әрекет етеді және республика агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 7 қыркүйектегі

№ 836 қаулысына

Қосымша

"Асыл" мемлекеттік акционерлік компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындардың

Тізбесі

Ақмола облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Краснояр" асыл тұқымды совхозы

"Балхаш" асыл тұқымды заводы

"Атбасар" асыл тұқымды заводы

Ақтөбе облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Мұғаджар" жылқы заводы

Алматы облысы

Ауыл шаруашылығы тұлкітерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Ақсай" асыл тұқымды заводы

"Қастек" асыл тұқымды заводы

П. Ф. Томаровский атындағы асыл тұқымды совхозы

"Ұзынбұлақ" асыл тұқымды совхозы

"Дегерес" жылқы заводы

Республикалық ипподром

Республикалық Алматы ипподромының жемшөп шаруашылығы

Атырау облысы

Ауыл шаруашылығы тұлкітерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

Шығыс Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы тұлкітерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Родина" колхозының асыл тұқымды заводы

Жамбыл облысы

Ауыл шаруашылығы тұлкітерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Луговой" жылқы заводы

"Ленин" асыл тұқымды заводы

"Мерке" асыл тұқымды заводы

Жезқазған облысы

Ауыл шаруашылығы тұлкітерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Красная поляна" асыл тұқымды заводы

"Просторный" асыл тұқымды заводы

Батыс Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы тұлкітерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Бірлік" асыл тұқымды заводы

Қазақ КСР-інің 40 жылдығы атындағы асыл тұқымды заводы

"Чапаев" асыл тұқымды заводы

"Анқаты" асыл тұқымды заводы

Қарағанды облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Қарағанды" асыл тұқымды заводы

Қызылорда облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

Көкшетау облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Көкшетау" жылқы заводы

"Алабота" асыл тұқымды заводы

Қостанай облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Москалев" асыл тұқымды заводы

"Мичурин" асыл тұқымды заводы

"Покровка" асыл тұқымды заводы

СОКП XXIII съезі атындағы "Сұлукөл" асыл тұқымды заводы

Маңғыстау облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

Павлодар облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Бесқарағай" асыл тұқымды заводы

"Песчанка" асыл тұқымды заводы

Солтүстік Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Ұзынкөл" асыл тұқымды заводы

Семей облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

Б. Әбжанов атындағы "Қаракөл" асыл тұқымды заводы

"Шалабай" асыл тұқымды заводы

"Заветы Ильича" колхозының асыл тұқымды заводы

"Қалбатау" асыл тұқымды заводы

Талдықорған облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Сарыбұлақ" асыл тұқымды заводы

"Пограничник" асыл тұқымды заводы

Алдабергенов атындағы колхоздың асыл тұқымды заводы

Торғай облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

Оңтүстік Қазақстан облысы

Ауыл шаруашылығы түліктерін асылдандыру ісі және қолдан ұрықтандыру жөніндегі облыстық өндірістік бірлестік

"Күйік" асыл тұқымды заводы